«Келісемін»
Талас ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы
_____ Н.Мұхтарұлы
« » 2026 жыл

«Бекітемін»
Ұлбике ақын атындағы
мәдениет орталығының
директоры
_____ Ж.Мырзамбетова
« » 2026 жыл

Аудандық «Атадан – аманат, ұрпаққа – ұлағат» ақсақалдар байқауының

ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты
Қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын насихаттау
Ақсақалдардың өмірлік тәжірибесі мен даналығын жас ұрпаққа үлгі ету
Ұрпақтар сабақтастығын нығайту

Міндеттері
Қариялардың қоғамдағы беделін арттыру
Мақал-мәтел, бата, шешендік сөздерді дәріптеу
Өнерлі ақсақалдарды анықтау және қолдау

Байқауды ұйымдастырушылар
Талас ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
«Ұлбике ақын» атындағы мәдениет орталығы

Өткізу уақыты мен орны
Өтетін күні: 15.05.2026 жыл
Уақыты: сағат 10:00
Өтетін орны: Ұлбике ақын атындағы мәдениет орталығы

Қатысушылар
Байқауға аудан көлеміндегі ауылдардан 60 жастан асқан ақсақалдар қатысады
Әр ауылдан 1 қатысушы ұсынылады
Қатысушылар ұлттық салт-дәстүрді білетін, өнерлі, шешен болуы тиіс

Байқау шарттары (номинациялар)
Байқау IV кезеңнен тұрады

І-кезең: «Бердім сәлем бәріңе, үлкен-кіші кәріңе»
Қатысушы өзін таныстырады;
Өмір жолы, отбасы, жетістіктері туралы қысқаша мәлімет береді.

II-кезең: «Мақал – сөздің атасы» және «Атадан қалған ақ бата»
Қатысушы конверт арқылы берілген тақырыпқа сәйкес:
Мақал-мәтел айтады;
Тәрбиелік мәні бар ой қозғайды;
Елге, ұрпаққа бата береді.

III-кезең: «Шешен – шеңбер болғанда, би – таразы»
Әр қатысушыға 2 сұрақ қойылады:
Жамбыл облысының тарихы;
Қазақтың салт-дәстүрлері;
Қатысушы нақты әрі мазмұнды жауап беруі тиіс!

IV -кезең: «Атадан қалған домбыра – біле білсең мол мұра»
Қатысушы өз өнерін көрсетеді
Ән айту;
Домбыра тарту;
Қолөнер (көрсету/таныстыру);

Сахна мәдениеті ескеріледі!

Қатысушылар келесі талаптар бойынша бағаланады:
Сахна мәдениеті;
Сөз саптау, шешендігі;
Ұлттық құндылықтарды меңгеруі;
Шығармашылық қабілеті;
Өнер көрсету деңгейі;
Уақытты тиімді пайдалану.
Әр кезең 10 балдық жүйемен бағаланады.
Қазылар алқасы
Қазылар алқасы мәдениет, өнер, қоғам қайраткерлерінен құрылады.
Қазылар шешімі – түпкілікті және өзгертілмейді.
Марапаттар
Бас жүлде
I орын
II орын
III орын
Арнайы номинациялар (мысалы: «Ең өнегелі ата», «Шешен ата», «Өнерлі ата»)
Барлық қатысушылар алғыс хаттармен марапатталады!
Қосымша шарттар
Қатысушылар байқауға ұлттық киіммен қатысуы құпталады
Әр кезеңнің уақыты 3–5 минуттан аспауы тиіс
Ұйымдастырушылар байқау шарттарына өзгеріс енгізуге құқылы